

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ангеловски К. Учителя и инновации: Кн. для учителя. – М.: Просвещение, 1991. – 159 с.
- 2 Менлибекова Г.Ж. К вопросу о формировании социальной компетентности будущих учителей // Вестник АГУ им. Абая. – 2001. – №5.
- 3 Высшее образование Казахстана в третьем тысячелетии: сб. науч. ст./ отв. ред.: А.Е. Абылкасымова. – Алматы: РИК, 1998. – 163 с.

### ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ОҚУ ҮРДСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

**Орумбаева А.Б.,**

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қазақстан*

***Annotation.** In this article the problem of the formation of the psychological culture of the students of the height educational institution is viewed in depth. To date, higher education for students - this is knowledge needed throughout life, so the level of psychological culture of the future of educational psychologists must meet the changing socio-economic and professional learning environment.*

Бүгінгі таңда қоғамда жүріп жатқан терең экономикалық және әлеуметтік-мәдени өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, кәсіби қызметтің барлық сферасында мамандарды даярлау іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Жоғары оқу орнының түлегі жоғары деңгейде дамыған, коммуникативті ептіліктерді меңгерген, өзгермелі ортаға бейім, алғыр, бәсекеге қабілетті тұлға болуы тиіс.

Білім алушылар кәсіпқой-психолог болуы үшін оған білім кеңістігінен іс-әрекет және өмірлік мағына кеңістігіне шығуы қажет. Білімдер мен іс-әрекет әдістерін органикалық тұтастықпен, белгілі бір маңызы бар құндылықтармен біріктіру керек. Мамандарды даярлауда білімдер жүйесіне тән ерекшелік білімдердің жаратылыстану, математикалық және дүниетанымдық іргетасымен, табиғат, қоғам, ойлау туралы пәнаралық жүйелі-интегративті білімдердің кеңдігімен, сондай-ақ жоғары шығармашылық потенциалы бар мамандарды даярлау міндетін шешуге мүмкіндік беретін іс-әрекетті қамтамасыз етумен нәтижеленеді.

Қазіргі таңда психолог-педагог мамандарды даярлауда кәсіби білімді бекітілген пәндерді оқытуға негізделген білімдердің белгілі бір мөлшерін меңгерту ретінде түсіндіру әдетке айналған, әрине бұл жеткіліксіз болып табылады. Білім беру негізі тек оқу пәндерімен шектелмей, ойлау және іс-әрекет тәсілдерімен, яғни рефлексивті сипаттағы процедуралармен нәтижеленуі тиіс. Мұның барлығы мамандарды даярлау мазмұны мен деңгейі талаптарына методологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселелерін, іс-әрекеттің танымдық, кәсіби, коммуникативті және аксиологиялық әдістерін енгізу қажеттігі туралы міндетті қояды.

Жоғары білім беруге тән ерекшелік методологиялық мәдениеттің жоғары деңгейде болуы және тану және іс-әрекет тәсілдерінің шығармашылықпен игерілуі болып табылады. Осыған орай, жоғары оқу орындарының маңызды міндеттерінің бірі тар мағынадағы кәсіби білімдер мен іскерліктерді меңгерген мамандарды даярлау ғана емес, сондай-ақ өзінің кәсіби іс-әрекетін өзге адамдардың мүдделерін ескеріп, продуктивті ынтымақтастық түрінде құруға қабілетті тұлғаларды дайындау болып табылады.

Қазіргі мамандардың маңызды қасиеттері өз мінез-құлқын басқара білу, өзге адамдармен сауатты әрі мақсатты қарым-қатынас орната алу, қиын өмірлік жағдаяттарда шешім қабылдай білу, қарым-қатынастың психологиялық тәсілдерін меңгеру ептіліктері және жоғары деңгейлі психологиялық мәдениет болып табылады /1/.

Мәдениет көпқырлы әрі көп мағыналы ұғым, оны кең мағынада және тар мағынада қарастыруға болады. «Кең мағынадағы мәдениет халықтың жетістіктері мен шығармашылықтарынан көрінеді. Бұл белгілі бір қоғамдық болмыстың тарихи қалыптасқан формасы. Мәдениет адамзат өмірінің ажырамас атрибуты, адамзат қасиеті».

Тар мағынадағы мәдениет адамның маңызды күштерінің дамуының кейбір деңгейі ретінде түсіндіріледі. Бұл тұрғыдағы мәдениет жеке адамның өмір салтының қоғамдық өмір құндылықтары мен нормаларына – қоғамдық мәдениеттің идеалды бейнесіне сай келуі. Мәдениет турасында сөз қозғағанда өмір сүру стилі және тыныс-тіршілік сапасы жайында да айтуға болады. Сондықтан, «мәдениетті адам» ұғымы нені білдіреді деген сауалға былайша жауап беруге болады: «бұл өзінің тыныс-тіршілігінің барлық саласында, әлеуметтік өзара әрекеттесуде қоғамның әлеуметтік мәдени даму нормаларына жауап беретін адам». Осылайша түсіндірілетін мәдениет (немесе жалпы мәдениет) мінез-құлықты ғана емес, адамның барлық тыныс-тіршілігін жан-жақты, рухани басқарушы болып табылады. И.А. Зимняя бойынша «... жалпы мәдениет дүниеге, өзіне қалыптасқан, тұрақты қатынаспен анықталады... ол ішкі мәдениетті (такт, адамгершілікті, өзгені құрметтеуді, жауапкершілікті, өзін-өзі реттеуді) талап етеді». «Ішкі мәдениет» «психологиялық мәдениет» тәрізді, яғни субъект, тұлға және даралық ретіндегі адамның ішкі психикалық дүниесінің белгілі бір қасиеті. Сондықтан, «психологиялық мәдениет» адамның жалпы мәдениетінің өзегі. «... қарым-қатынас мәдениеті, интеллектуалды іс-әрекет мәдениеті, өзін-өзі басқару, реттеу мәдениеті – адамның жалпы мәдениетінің ішкі, интеллектуалды, аффективті-еріктік, құндылық-мағыналық өрісін құрайды. Заттық іс-әрекет мәдениеті, мінез-құлық мәдениеті және қарым-қатынас мәдениеті сыртқы контурды құрайды, оның жүзеге асу процесінде ішкі дүние ерекшеліктері көрінеді». Осы мағынада «психологиялық мәдениетті» басқа ұғымдағы (кең мағынадағы) психологиялық мәдениеттен ажыратуға болады. Кең мағынадағы психологиялық мәдениет - ғалым және психолог-практиктердің психологиялық қоғамдастығы шығармашылығының, жетістіктерінің белгілі бір жиынтығы /2/.

«Психологиялық мәдениет» ұғымының ғылыми тұрғыда өңделу негізін шетелдік және ресейлік психология классиктерінің В. Вундт, З. Фрейд, К. Юнг, В. Франкл, А. Маслоу, Н.Я. Басов, Л.С. Выготский, Б.Г. Ананьев, С.Л. Рубинштейн еңбектерінен, отандық психологтар С.М. Жакупов, Х.Т. Шерьязданова, С.А. Бердібаева т.б. еңбектерінен табуға болады.

Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы жеке тұлғалық дамудың генезисінде мәдениет рөлін анықтаушы негіздемеге бағытталған. Ғалым өзінің «Жоғары психикалық функциялардың даму тарихы» еңбегінде: «Біз баланың жеке басы мен оның мәдени дамуы арасында тепе-теңдік белгісін қоюға бейімбіз, ал «мәдени дамудың мәні ... адамның өз мінез-құлқын меңгеру процесімен нәтижеленеді, бірақ оны меңгеру үшін тұлғаның білімі алғышарт болып табылады», – деп жазған. Бұл тұстан Л.С. Выготскийдің өз мінез-құлқын меңгеру үрдісі психологиялық мәдениет деңгейінің критериясы болып табылады деген ұйғарымын аңғарамыз.

Педагогикалық психолог М.Я. Басовты педагогтарды даярлауда барлық іс-әрекет үнемі балаларды қадағалауға баса мән беріліп, байқағыштықты үйретуге ешбір назар аударылмайды деген сауал толғандырды. Ол байқау мәдениетін педагогқа кәсіби қажетті қасиет ретінде түсіндіреді. «Байқау мәдениеті психология және педагогика саласындағы кез келген қызметкер үшін басты міндетке айналуы тиіс». Ғалым педагог баланы байқап, зерттеу үшін баланы жай ғана қабылдап қоймау керектігін қадап айтады. Б.Г. Ананьев мұғалімнің психологиялық құзыреттілігін былайша жазады: «тәжірибелі педагог тиімді оқытуға және тәрбиелеуге өз оқушыларын, олардың меңгеру ерекшеліктерін және қоғамдық мінез-құлқы мен жеке басының қасиеттерін, іс-әрекеттерін терең білгенде ғана қол жеткізе алады» /3/.

Бүгінгі таңда психологиялық құзыреттілік, психологиялық мәдениеттің әртүрлі аспектілері мен құрылымын қарастыратын зерттеулер жетіп артылады, сондай-ақ бұл феномендерді анықтауға ұмтылыстар жасалуда. Мәселен, В.М. Аллахвердов бірлескен авторлармен психологиялық мәдениеттің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылатын «психологиялық зерделілікті» зерттей отырып, «психологиялық зерделіліктің болмауы» – бұл өз мінез-құлқын құруда тиімді құралдың жоқтығы деп тұжырымдайды. Аталмыш мақалада адамдар арасында кездесетін «психологиялық мәдениетсіздік» жаман қылықтар және білімсіздік түрінде емес, психологиялық өзара әрекеттесу процесіне дұрыс түсіндірме беруді қамтамасыз ететін мәдени кодты меңгермеуі, сонымен қатар, қарым-қатынастың әр түрлі формаларында және ком-

муникация тәсілдерінде бекітілген мінез-құлықтың мәдени модельдерін игермеуі түрінде көрінетіндігі айтылады. «Практикалық психологиядағы психологиялық көмек және кеңес беру» кітабында психологиялық мәдениетке мынадай анықтама беріледі: « ... бұл өзінің психикалық денсаулығына қам жасау, психологиялық дағдарыстардан шыға білу және жақын адамдарға көмек көрсету...» /4/.

О.И. Мотков пікірінше, психологиялық мәдениет – «бұл адамның дамыған арнайы қажеттіліктерінің, қабілеттіліктері мен іскерліктерінің кешені». Психологиялық мәдениет адамның тыныс-тіршіліктің кез келген сферасында өзін-өзі ұстауынан және өзін-өзі басқаруынан, әртүрлі ұмтылыстар мен тенденциялардан, жеке тұлғаның өзіне, жақын адамдарына және өзге де адамдарға, тірі және өлі табиғатқа, біртұтас дүниеге деген қатынасынан көрінеді. Адам оның көмегімен психиканың, дененің ішкі талаптарын және өмірдің сыртқы талаптарын үйлесімді ескере алады.

Л.С. Колмогорова және О.Г. Холодкова тұлғаның жалпы психологиялық мәдениетін былайша анықтайды: «Бұл өмірде өзін-өзі тиімді анықтауға және өзін-өзі жүзеге асыруға, әлеуметтік бейімделуге, өзін-өзі дамытуға және өмірге қанағаттануға мүмкіндік жасайтын адамның жүйелі мінездемесі ретіндегі базалық мәдениетінің құрамдас бөлігі».

Психологиялық мәдениет – бұл координациялық және субординациялық принциптер бойынша байланысқан адамның әртүрлі психологиялық қасиеттері. Олар: мотивациялық, эмоционалды, интеллектуалды, рефлексивті, реттеуші және т.б. Сонымен, психологиялық мәдениет – бұл білім, қатынас, әсерлену және өмірлік тәжірибе бірлігі.

Психологиялық мәдениет адамның жүйелі әлеуметтік қасиеті. Б.Ф. Ломовтың анықтауынша, « ... жүйелі қасиеттер интегралды бола отырып, адамға тән жүйелерді және оның мінез-құлқы мен біртұтас өмірінің бағынатын заңдылықтарын ғылыми талдау жолымен ғана анықталуы мүмкін /4/.

Психологиялық мәдениетте адам мен социум конгруэнттілігі көрінеді, оның қабілеттіліктері қоршаған ортаға еніп, дүниенің рухани табиғатына сәйкестенеді. Қарастырылып отырған құбылыс теориялық абстракция, виртуалды идеал болып табылмайды. Психологиялық мәдениеттің аса айқын, өмірлік манифестациясы (қолдауы) зиялы адам феномені болып табылады. Егер кез келген зиялы адамды тұрмыстық және ғылыми психология тұрғысынан қарастыратын болсақ, одан біз ең алдымен, жоғары адами (нағыз психологиялық) мәдениетті байқаймыз. Аталмыш феноменді жалпы психологиялық тұрғыда зерттеумен айналыса отырып, психологиялық мәдениеттің адам және тұлға психикасының құрылымындағы орны, осы психологиялық білімнің мазмұны мен құрылымдық компоненттері, спецификалық механизмдері мен даму генезисі және деңгейі туралы мәселені қою жөн деп санаймыз.

Маманның психологиялық мәдениетінің кәсіби қызмет ерекшеліктерімен байланысты белгілі бір спецификасы бар. Оны мамандарды психологиялық даярлауда есепке алу керек. «Адам-адам» сферасындағы (педагогикалық, басқарушы, саяси т.б.) мамандардың бір-біріне жақын болып келетін психологиялық мәдениеті мен кәсіби мәдениеті ұғымдарын ұқсастырға болмайды. Кәсіби мәдениеттің психологиялық мазмұнына субъект-субъектілік қарым-қатынасқа қажет жеке тұлғалық қасиеттер жүйесі, білім, іскерлік және дағдылар кіреді. Мысалы, дәрігер анатомияны, физиологияны, фармакологиюны т.б. білуі керек, сондай-ақ организммен жұмыс жасаудың көптеген практикалық іскерліктері мен дағдыларын игеруі қажет. Мұның барлығы кәсіби мәдениеттің басқа бір қырын құрайды. (Баранова, 1993; Бодалев, 1988; Егорова, Лапчинская, 2000; Зорин, 1995; Кузема, 2000; Петровская, 1989; Колмогорова, 2002; Романов, Гаранина, 2002 және т.б.) ұсынған «психологиялық мәдениет» термині нақты түсінік береді. Біріншіден, олар аталмыш феноменнің мазмұндық жағын – субъект, тұлға ретіндегі адаммен қарым-қатынас технологиясын бейнелейді. Екіншіден, бұл терминнің мазмұны аса кең. Ол психологиялық білімдерден, психологиялық ойлаудан және практикалық дағды және ептіліктерден, тұлғаның мағыналық түзілімдерінен, қабілеттіліктерінен тұрады. Үшіншіден, ол белгілі бір мәдени-тарихи аспектісімен ерекшеленеді.

Психологиялық мәдениет – бұл жалпы адамзаттық мәдениет бөлігі. Ол үнемі адамзат дәулеті ретінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуі тиіс. Төртіншіден, психологиялық мәде-

ниет нормативтілік сияқты сипатымен ерекшеленеді. Кез келген субъектінің уақытқа және жас деңгейіне байланысты белгілі бір психологиялық мәдениеті болуы тиіс. Психологиялық мәдениет психикалық даму нормасы көрсеткіштерінің бірі болып саналады. Бесіншіден, психологиялық мәдениетте генетикалық аспект – психологиялық мәдениетті беру және меңгеру дәстүрі бекітілген. Алтыншыдан, аталмыш термин «адам-адам» саласында мамандарды кәсіби даярлау контексінде қызмет етеді.

Психологиялық мәдениет – бұл әлеуметтену, білім беру, тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу жемісі. Оның қалыптасу заңдылықтары аз зерттелген, десек те қазіргі білім беру жүйесінде жалпы мәдениетті, оның құрамдас бөлігін, яғни психологиялық мәдениетті, психологиялық құзыреттілікті белгілі бір деңгейде қалыптастыру негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Қазіргі кезеңде құзыреттілік тәсіл мамандарды дайындау моделін құруда аса жемісті тәсіл ретінде танылады. Құзыреттілік көптеген сипаттамаларды біріктіреді. Оны тиімді шешім қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін білім ретінде, (М.А. Холодная), тұлға қасиеті ретінде (А.В. Хуторский, В.В. Краевский), педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындықтың бірлігі ретінде (В.А. Сластенин), педагогикалық қызметтерді кәсіби орындауға дайындық және қабілеттілік ретінде (И.А. Колесникова), қабілет – іскерлік (Н.Ф. Радионова, А.П. Тряпицына) немесе белгілі бір проблемаларды шешудің біртұтас тәжірибесі (В.В. Сериков) арқылы анықтайды /5/.

Құзыреттілік – бұл адамның психологиялық-педагогикалық мінездемесі, ол мыналарды бейнелейді:

- адамның дүниемен дербес, жауапты, инициативалық қатынасында көрінетін субъектілік сипаты;
  - тұлға көрінісі; ол тұлғадан тыс, оның іс-әрекетінен тыс бола алмайды;
  - жоспарланған нақты нәтижеге жетуге жетелейтін іс-әрекет бағыттылығы, ол дағдарыстық жағдаяттарда өзін-өзі бақылауға және тиімді жүріс-тұрысқа негіз бола алады;
  - социумда қабылданған нақты-тарихи нормаларға, стандарттарға, талаптарға сай белгілі бір қызметтерді тиімді (нәтижелі) орындау қабілеттілігі;
  - бағдарлану, бейімделу, оқу, даму іскерлігі;
- белгілі бір іс-әрекет түрін саналы орындау /6/.

Құзыреттілік ұғымы тек когнитивті, операционалды-технологиялық құрылымдардан тұрмайды, оның құрамына оқу нәтижелері (білім және ептілік), құндылық бағдар жүйесі т.б. кіреді. Негізгі компетенцияға тән сипаттамалар:

- *көпқызметтілік* – күнделікті, кәсіби және әлеуметтік өмірде әртүрлі мәселелерді шешуге мүмкіншілік береді;
- *пәнаралық* – ол мектепте, жұмыста, отбасында, саяси сферада т.б. кездесетін жағдаяттарда қолданылады;
- *көпөлшемділік* – ол әртүрлі ақыл-ой процестері мен интеллектуалды іскерліктерден (аналитикалық, критикалық, коммуникативті және т.б.) тұрады;

Педагогикалық, психологиялық әдебиеттерді талдау психологиялық білім берудің қалыптасқан деңгейі көңіл толтырарлықтай емес екендігін әрі психологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселесін жеткілікті шеше алмайтындығын аңғартты. Болашақ мамандарда психологиялық мәдениетті оңтайлы деңгейде қалыптастыру арнайы жобаланған білім беру бағдарламалары негізінде қамтамасыз етіледі. Олар мыналарға бағдарлануы қажет:

- болашақ мамандардың жас ерекшелік, жеке және кәсіби қажеттіліктерін қанағаттандыруға;
- психологиялық білімдерді күнделікті өмірде қолдану іскерліктерін қалыптастыруға;
- қызметтік табыстарға жету үшін жеке тұлғалық қасиеттерді дамытып, жетілдіруге /7/.

Психологиялық мәдениет күрделі, біртұтас, жеке тұлғалық түзілім, ол эмоционалды-мотивациялық, когнитивті, іс-әрекеттік компоненттерден тұрады. Ол психологиялық құзыреттіліктің, өзіне, өзге адамдарға және тұтастай дүниеге қатысты психологиялық мәселелерді шешу үшін білім, іскерлік, дағдыларды дұрыс қолданудың бастауы болып табылады. Сон-

дықтан, болашақ мамандардың психологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын жасау нәтижелі шешімін қажет ететін өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Психологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған білім беру үрдісіне қатысушылардың бірлескен іс-әрекеті бағдарламасы ретіндегі білім беру бағдарламасы арнайы әзірленген мазмұнда студенттердің жас, жеке және кәсіби қажеттіліктеріне сай құрылуы керек.

Психологиялық пәндер бойынша білім беру бағдарламасы білім беру мазмұнымен (дамыту құндылықтары және білім беру үрдісінің мақсатты бағдары), педагогикалық қызмет мазмұнымен (құндылықтар мен мақсатты жүзеге асыру шарттары мен тәсілдері) және білім беру іс-әрекеті мазмұнымен (білім берудің жеке мағынасы) сипатталады.

Педагог психологиялық мәдениеттің даму деңгейін және білім беру міндеттерін ескере отырып, студенттермен қарым-қатынас жүйесін олардың психологиялық құзыреттілігін қалыптастыратындай етіп орнатуы қажет.

Психологиялық құзыреттілік деп тұлғаның даму заңдылықтары мен коммуникация туралы білімдерді, сондай-ақ адамның психикалық көріністерін түсіну және мақсатты ықпал ету дағдыларын қолдануды айтамыз.

Педагогикалық кадрлар профессионализмінің маңызды факторы оқытушының жалпы мәдениеті болады, жалпы мәдениеттің өзегі психологиялық мәдениет болып табылады.

Қазіргі педагогтың психологиялық мәдениетін кәсіби әлеуметтік қарым-қатынастан, өзара әрекеттесуден, жоғары деңгейдегі кәсіби және адамгершілік мотивациядан тұратын спецификалық модель ретінде қарастыруға болады. Мұның барлығы тұлғаның кәсіптегі және біртұтас өмірлік стратегиясындағы жетістіктерін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, болашақ педагог-психологтар моделі толеранттылық, эмоционалды тұрақтылық, лабильділік, басқару ептілік, әлеуметтік белсенділік және өзін-өзі басқара білушілік сияқты психологиялық қасиеттермен толықтырылуы керек. Дамыған коммуникативті-ұйымдастырушы іскерліктер ғылыми-зерттеуші және арнайы ептіліктер жиынтығымен қоса педагог-психологтардың кәсіби қызметінің табыстылығын арттыра түседі /8/.

Жеке - психологиялық қасиеттер және педагог-психологтардың кәсіби қызметінің табыстылығын қамтамасыз ететін білімдер, яғни субъективті потенциал көбіне дамыған психологиялық мәдениет деңгейімен анықталады.

Бүгінгі таңда студент үшін жоғары білім – бұл өмір бойына азық болатын білім, сондықтан болашақ педагог-психологтардың психологиялық мәдениетін дамыту өзгермелі әлеуметтік-экономикалық және кәсіби білім беру жағдайларына лайықталуы қажет.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Демина Л.Д. Психологическая культура личности: контекст субъективного переживания времени жизни / Л.Д. Демина, И.А. Ральникова // Вестник Алтайской науки: Проблемы социологии и психологии. – 2001. – №1. – С.78–87.

2 Шубницина Т.В. Формирование психологической культуры студентов технических специальностей вуза: дис. канд. психол. наук / Т.В. Шубницина. – М., 2004. – 177 с.

3 Семикин В.В. Психологическая культура в образовании человека. – СПб., 2002. – 177 с.

4 Гришина Е.Н. Становление психологической культуры государственного служащего средствами развивающих игр: дис. ...канд. психол. наук / Е.Н. Гришина. – М., 2001. – 207 с.

5 Педагогика: педагогические теории, системы, технологии: учебное пособие / С.А. Смирнов, И.Б. Котова, Е.Н. Шиянов, Т.И. Бабаева и др. – М.: Академия, 1998. – 512 с.

6 Иванова С.П. Современное образование и психологическая культура педагога / С.П. Иванова. – Псков: Псков, гос. пед. ин-т им С.М. Кирова, 1999. – 563 с.

7 Мухаметзянова Ф.Ш. Педагогические условия формирования психологической культуры учителя: дис. канд. пед. наук / Ф.Ш. Мухаметзянова. – Казань, 1995. – 192 с.

8 Битянова М.Р. Культура самосовершенствования преподавателя / М.Р. Битянова. – М.: МПА, 1994. – 46 с.